

	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ АО «Центр электронных финансов»	бет
		1/16
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты	№ өзг.

МАҚҰЛДАНДЫ

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің
Аудит жөніндегі комитетінің
20 22 жылғы «18» 11 шешімімен
(№ 10 хаттама)

БЕКІТІЛДІ

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің
20 22 жылғы «29» 11 шешімімен
(№ 13 хаттама)

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты

Астана қ., 2022 жыл

Әзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
С.Н.Шаяхметова	Комплаенс-менеджер		

	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ АО «Центр электронных финансов»	бет
		2/16
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты	№ өзг.

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты (бұдан әрі - Саясат, сәйкесінше Қоғам) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі - ҚР) және Қоғамның әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Саясат мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында әзірленген және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі механизмдерінің бірі болып табылады. Мүдделер қақтығысына байланысты елеулі бұзушылықтар Қоғамның іскерлік беделіне нұқсан келтіруі және оған барлық мүдделі тараптардың сеніміне нұқсан келтіруі мүмкін. Қоғамның лауазымды тұлғасының немесе жұмыскерінің жеке мүдделері олардың бейтараптық, адалдық және Қоғам мүдделерін қорғау қағидаттарының негізінде өздерінің лауазымдық / функционалдық міндеттерін орындауына ықпал етпеуі тиіс.

3. Осы Саясат мүдделер қақтығысын басқарудың негізгі қағидаттарын, мүдделер қақтығысын болжайтын жағдайларды, олардың алдын алу және реттеу жөніндегі шараларды, сондай-ақ мүдделер қақтығысын басқару процесіне барлық қатысушылардың жауапкершілігін айқындайды.

4. Қоғам Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің қоғамдағы лауазымдық/функционалдық міндеттерін орындау шеңберінен тыс жеке мүдделерінің болуы мүмкін екенін түсінеді, бірақ Қоғамдағы осындай мүдделер мен лауазымдық/функционалдық міндеттер арасындағы кез келген мүдделер қақтығысы осы Саясатқа сәйкес ашылуы және реттелуі тиіс.

5. Контрагенттермен қарым-қатынаста Қоғам тараптар бір-біріне қатысты барынша адал, әділ әрекет етуге, сондай-ақ мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және болдырмау бойынша жан-жақты шараларды қабылдауға міндетті болатын сенімгерлік қатынастарды орнататынына және сақтайтынына сенеді.

2. Қолданылу саласы

6. Осы Саясат Қоғамның барлық жұмыскеріне қатысты қолданылады.

7. Осы Саясат Қоғамның барлық лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің танысуы және оны мүлтіксіз сақтауы үшін міндетті болып табылады.

Әзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
С.Н.Шаяхметова	Комплаенс-менеджер		

	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ АО «Центр электронных финансов»	бет
		3/16
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты	№ өзг.

8. Осы Саясат «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қолданыстағы Іскерлік әдеп кодексімен және белгіленген тәртіппен бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен бірлесіп қолданылады.

9. Осы Саясат Қоғамның ресми Интернет-ресурсында орналастырылуы тиіс.

3. Саясатта қолданылатын ұғымдар мен анықтамалар

10. Осы Саясатта мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы** - «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілері;

2) **мүдделер қақтығысы** - лауазымды тұлғалардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған тұлғалардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және / немесе тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

3) **Жалғыз акционер** – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

4) **Директорлар кеңесі** – Қоғамның басқару органы;

5) **Басқарма** – Қоғамның атқарушы органы;

6) **лауазымды тұлға** - Қоғамда ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша орындайтын тұлға;

7) **үлестес тұлғалар** - шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындауға және (немесе бір-бірімен (тұлғалардың бірімен) қабылданатын шешімдерге, оның ішінде жасалған мәмілеге байланысты ықпал етуге мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлғалар (оларға берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда). Қоғамның үлестес тұлғаларының тізбесі ҚР заңнамасына сәйкес белгіленеді;

8) **жұмыскер** - Қоғаммен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

9) **контрагент** – Қоғам ҚР заңнамасымен реттелетін қатынастарға кірген немесе кіруді жоспарлап отырған жеке немесе заңды тұлға;

10) **жақын туыстар** - ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, (асырап алғандар), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері

Әзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
С.Н.Шаяхметова	Комплаенс-менеджер		

	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ АО «Центр электронных финансов»	бет
		4/16
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты	№ өзг.

мен апа-сіңлілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері;

11) **жекжаттар** - жұбайының (жолдасының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары мен балалары.

12) **жеке мүдделер** - жеке мүліктік пайда немесе Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген жалақыны және басқа төлемдерді алуға байланысты емес Қоғамнан жеке пайда алуға қызығушылық.

11. Осы Саясатта қолданылатын, бірақ ашылмаған анықтамалар ҚР заңнамасында, Қоғамның ішкі құжаттарында және/немесе ҚР нормативтік құқықтық актілерінде пайдаланылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

4. Мүдделер қақтығысын басқарудың негізгі қағидаттары

12. Қоғам мүдделер қақтығысын басқаруды мынадай негізгі қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

1) **заңдылық қағидаты**- осы Саясаттың ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкестігі;

2) **Қоғам мүдделерін қорғау қағидаты**- әр лауазымды тұлға мен жұмыскердің міндеті жеке қалауына емес, тек ҚР заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сүйене отырып шешім қабылдауға міндетті;

3) **ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету қағидаты**- белгіленген рәсімдер шеңберінде лауазымдық міндеттерді орындау мүдделер қақтығысының алдын алуға немесе реттеуге ықпал ететін ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етудің негізін құрайды;

4) **құпиялық қағидаты** – құпиялықты мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу және мүдделер қақтығысын одан әрі реттеу процесінен бастап қорытындыларды шығару және қаралатын жағдай бойынша түпкілікті шешім қабылдау кезеңіне дейін қатаң сақтау;

5) **жұмылдыру қағидаты**– лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерді ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы хабардар ету, сондай-ақ олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға, оның ішінде мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және реттеу саласында қатысуы;

6) **жеке жауапкершілік және жазаның бұлтартпастық қағидаты**– мүдделер қақтығысы фактісіне жол берген лауазымды тұлға мен жұмыскердің тікелей басшысы уақытылы анықталмағаны және ашылмағаны, сондай-ақ мүдделер қақтығысын тиісінше реттемегені үшін дербес жауап береді.

Әзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
С.Н.Шаяхметова	Комплаенс-менеджер		

	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ АО «Центр электронных финансов»	бет
		5/16
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты	№ өзг.

5. Мүдделер қақтығысын болжайтын жағдайлар

13. Мүдделер қақтығысын болжайтын және (немесе) мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін жағдайларға мынадай жағдайлар жатады, онда:

1) лауазымды тұлға немесе жұмыскер өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқарса;

2) лауазымды тұлғаның, жұмыскердің немесе олардың жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының), сондай-ақ жекжаттардың Қоғаммен байланысты мәмілелерге, жобаларға кез келген коммерциялық немесе өзге де мүдделілігі (тікелей немесе жанама) болуы мүмкін болса;

3) лауазымды тұлға, жұмыскер немесе олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары Қоғаммен байланысты жобадағы немесе мәміледегі тарап болса;

4) лауазымды тұлға, жұмыскер немесе олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары жобада немесе Қоғаммен байланысты мәміледе тарап болып табылатын ұйымның үлестес тұлғасы болып табылады;

5) лауазымды тұлға, жұмыскер немесе Қоғамның атынан уәкілеттік берілген тұлға өзінің лауазымдық/функционалдық міндеттерін атқаруына байланысты өзіне белгілі болған құпия ақпаратты немесе ашылуы Қоғам мүдделеріне теріс әсер етуі мүмкін кез келген басқа ақпаратты, сондай-ақ лауазымды тұлғаның, жұмыскердің немесе олардың жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының), жекжаттарының жеке пайда алу үшін Қоғаммен байланысты құпия ақпаратын ашады;

6) лауазымды тұлға немесе жұмыскер оның жұмысын бағалау, қайта тағайындау (қайта сайлау), сыйақы төлеу мәселелері немесе өзіне қатысты өзге де мәселелер бойынша талқылауға немесе шешім қабылдауға қатысады;

7) лауазымды тұлға немесе жұмыскер өзінің лауазымдық/функционалдық міндеттерін жеке пайда алу мақсатында пайдалануға мүмкіндік беретін атқарушы және бақылау функцияларын біріктіреді;

8) егер мұндай біріктіруге мақұлдау (келісім) алынбаса, лауазымды тұлға еңбек шарты бойынша жұмысты бірнеше ұйымда біріктіреді;

9) лауазымды тұлға немесе жұмыскер «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қолданыстағы саясатында сипатталған жағдайлардан басқа, Қоғамдағы өзінің лауазымдық/функционалдық міндеттерін орындағаны үшін үшінші тұлғалардан сыйлықтар, ақша, өзге де нысандардағы игіліктер немесе қызметтер түрінде

Әзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
С.Н.Шаяхметова	Комплаенс-менеджер		

	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ АО «Центр электронных финансов»	бет
		6/16
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты	№ өзг.

сыйақы алады;

10) лауазымды тұлға немесе жұмыскер Қоғамдағы өзінің лауазымдық/функционалдық міндеттерін орындағаны үшін жұмыс бойынша бағыныстағы адамдардан ақша, өзге де нысандардағы игіліктер немесе қызметтер түрінде сыйақы алады;

11) лауазымды тұлға немесе жұмыскер контрагенттерден жеке жеңілдіктер немесе Қоғамның басқа лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне және олардың жақын туыстарына жалпы тәртіппен қол жетімді емес басқа да ерекше артықшылықтарды алады;

12) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда, Қоғамның мүлкін пайдалану мүмкіндігін қоспағанда, лауазымды тұлға немесе жұмыскер Қоғамның мүлкін жеке мақсатта пайдаланады.

14. Осы Саясаттың 13-тармағында аталған мүдделер қақтығысын болжайтын жағдайлар толық болып табылмайды. Мүдделер қақтығысының бар-жоғын анықтау үшін лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер осы Саясаттың 10-тармағында келтірілген мүдделер қақтығысы терминін басшылыққа алуы тиіс.

6. Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу тәртібі

15. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашуы мүдделер қақтығысының болу немесе туындау фактілерін егжей-тегжейлі негіздей отырып және құжаттамалық түрде растай отырып, дереу жазбаша түрде жүзеге асырылады.

16. Қоғамның басқа жұмыскерлерінің және (немесе) лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысы туралы ақпараты бар Қоғам жұмыскері мүдделер қақтығысының болуы немесе туындау фактілерін егжей-тегжейлі негіздей отырып және құжаттамалық түрде растай отырып, мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді өзінің тікелей басшысына немесе Қоғамның комплаенс-менеджеріне дереу жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Растайтын фактілерді ұсына отырып, Қоғамда көзделген құпия ақпараттандыру арналары арқылы хабарлауға жол береді.

17. Қоғам жұмыскерлері мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді келесі мерзімдерде ашады:

1) жұмыскерде ықтимал мүдделер қақтығысы туындаған кезде - ол пайда болған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) Қоғамның комплаенс-менеджерінің талабы бойынша (оның ішінде

Өзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
С.Н.Шаяхметова	Комплаенс-менеджер		

	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ АО «Центр электронных финансов»	бет
		7/16
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты	№ өзг.

электрондық сұрау салу арқылы) – талап жіберілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей;

3) мүдделер қақтығысының болуы туралы ұсынылған ақпаратқа тексеру жүргізу кезінде – мүдделер қақтығысын ашу туралы талап қойылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде.

18. Қоғамда мүдделер қақтығысын ашудың мынадай тәртібі белгіленеді:

1) ұсынылған/толтырылған құжаттардың негізінде жұмысқа қабылдау кезінде мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді бастапқыда ашу;

2) жоғары тұрған лауазымға, басқа құрылымдық бөлімшеге ауысқан кезде, жұмыскерлердің жеке істерінде сақталған ұсынылған/толтырылған құжаттардың негізінде функционалы өзгерген кезде мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу;

3) мүдделер қақтығысын іске асыру немесе орындау кезінде мүдделер қақтығысы үшін жағдай жасау ықтималдығы барынша жоғары Қоғамның бизнес-процестерінде/іскерлік операцияларында сыбайлас жемқорлық тәуекелінің жоғары деңгейімен байланысты мүдделер қақтығысын жыл сайын ашу;

4) осы Саясаттың 13-тармағында көрсетілген жағдайлардың туындауына қарай, жеке мүдделіліктің болуы мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғуы немесе әкеп соқтыруы мүмкін мәліметтердің біржолғы ашылуы. Біржолғы ашу осы Саясаттың қосымшасында келтірілген хабарламаны толтыру жолымен жүзеге асырылады.

19. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді жыл сайын ашу Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен, сондай-ақ Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды бағалау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

20. Лауазымды тұлғалардың және жұмыскерлердің тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болуы туралы мәліметтерді жасыру және (немесе) уақытылы, толық ашпау Қоғамда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау себептері мен жағдайы болып табылады.

7. Мүдделер қақтығысын қарау және реттеу тәртібі

Өзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
С.Н.Шаяхметова	Комплаенс-менеджер		

	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ АО «Центр электронных финансов»	бет
		8/16
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты	№ өзг.

21. Мүдделер қақтығысын анықтау, алдын алу және реттеу жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру үшін, Қоғам оларды уақытында және толық анықтау, сондай-ақ оларды реттеу жөніндегі іс-қимылдарды нақты үйлестіру механизмдерін құруға ұмтылады.

22. Лауазымды тұлғалар Қоғамда туындайтын мүдделер қақтығысын реттеу үшін:

1) пайда болған мүдделер қақтығысын анықтауға, олардың себептерін анықтауға;

2) Қоғам органдарының құзыреттері мен жауапкершілігін нақты ажыратуға;

3) лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің мүдделер қақтығысы бар мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдерді қабылдауға қатыспауын қамтамасыз етуге міндетті.

23. Лауазымды тұлға Директорлар Кеңесінің Төрағасына және (немесе) Қоғамның Басқарма төрағасына осындай жанжалды реттеу жөнінде шешімді қабылдау үшін мүдделер қақтығысының болуы немесе туындағаны туралы дереу жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

24. Құрылымдық бөлімше деңгейінде мүдделер қақтығысын реттеу мүмкін болмаған жағдайда, құрылымдық бөлімшенің басшысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін басшыға мүдделер қақтығысы, оның туындау себептері, қабылданған шаралар туралы ақпарат беруге міндетті. Осы құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін басшы мүдделер қақтығысын реттеу үшін барлық шараларды қолданады. Мүдделер қақтығысын реттеу мүмкін болмаған кезде, мұндай қақтығысты реттеу туралы мәселе Қоғам Басқармасының немесе Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

25. Қажет болған жағдайда, Басқарма Төрағасы бұйрықпен Қоғам жұмыскерлерінің мүдделері қақтығысын реттеу үшін жұмыс тобын құрады. Жұмыс тобының құрамы топпен қабылданатын шешімдерге әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігін болдырмайтындай етіп құрылады.

26. Қоғамның Басқарма Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған барлық мәселелер бойынша мүдделер қақтығысын реттеуді жүзеге асырады.

27. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның лауазымды тұлғаларымен және жалғыз акционерімен байланысты мәселелер бойынша мүдделер

Әзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
С.Н.Шаяхметова	Комплаенс-менеджер		

	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ АО «Центр электронных финансов»	бет
		9/16
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты	№ өзг.

қақтығысын реттеуді жүзеге асырады.

Мүдделер қақтығысымен жағдайлар туындаған кезде, Корпоративтік хатшы осы ақпаратты Директорлар кеңесі төрағасының назарына жеткізеді.

28. Қоғамның Комплаенс-менеджері мүдделер қақтығысын осы Саясаттың 26, 27-тармақтары шеңберінде қарайды және оларды реттеу жөнінде Қоғамның Басқарма Төрағасына және (немесе) Директорлар Кеңесінің Төрағасына ұсынымдар шығарады.

29. Мүдделер қақтығысын келіссөздер арқылы реттеу мүмкін болмаған жағдайда, ол ҚР заңнамасына сәйкес шешіледі.

8. Мүдделер қақтығысын шешудің ықтимал шаралары

30. Мүдделер қақтығысын реттеу шараларын анықтай отырып, Қоғам олардың теріс салдарлары дәрежесіне пропорционалдығын қамтамасыз етеді, бұл Қоғамның мүдделеріне әсер етуі мүмкін.

31. Мүдделер қақтығысын реттеу үшін қабылданатын ықтимал шаралар мен тәсілдер:

1) мүдделер қақтығысын болдырмайтын функцияларды орындауды көздейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның лауазымды тұлғасын немесе жұмыскерін оның келісімімен басқа лауазымға қайта сайлау немесе ауыстыру;

2) ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымды тұлғаның немесе жұмыскердің өкілеттігін тоқтату;

3) мүдделер қақтығысы бар немесе болуы мүмкін мәселелерді талқылауға қатысудан және олар бойынша шешімдер қабылдаудан ерікті түрде бас тарту, лауазымды тұлғаны немесе жұмыскерді (тұрақты немесе уақытша) шеттету;

4) лауазымды тұлғаның немесе жұмыскердің лауазымдық міндеттерін қайта қарау және өзгерту;

5) лауазымды тұлғаның немесе жұмыскердің мүдделер қақтығысын тудыратын жеке мүддесін жоюы (мысалы, мүдделер қақтығысының туындауына негіз болып табылатын өзіне тиесілі мүлікті иеліктен шығару).

32. Осы Саясаттың 31-тармағында келтірілген шаралар тізбесі толық болып табылмайды. Әр нақты жағдайда қалыптасқан жағдайдың ерекшелігіне, қабылданатын шаралардың мүдделер қақтығысын реттеу мақсаттарына сәйкестік дәрежесіне байланысты өзге де шаралардың қолданылуы мүмкін.

Өзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
С.Н.Шаяхметова	Комплаенс-менеджер		

	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ АО «Центр электронных финансов»	бет
		10/16
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты	№ өзг.

9. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің мүдделер қақтығысының туындауын болдырмау бойынша міндеттері

33. Директорлар кеңесі мен Қоғам лауазымды тұлғалар мен жалғыз акционер деңгейіндегі ықтимал мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалануды және жасауға мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу кезінде теріс пайдалануды қадағалап, мүмкіндігінше жоюы тиіс.

34. Егер осы контрагенттердің көрсетілген кезеңде Қоғаммен шарттық қатынастары болса, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне өтеулі қызметтерді көрсету шарттары бойынша контрагенттерге қызметтер көрсетуге тыйым салынады.

35. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне Қоғам мен олардың өздері, сондай-ақ олардың кез келген жақын туыстары, жұбайлары мен жекжаттары арасындағы кез келген мәміле бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға қатысуға тыйым салынады.

36. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) мүдделер қақтығысы жағдайларының туындауына жол бермеуге;
- 2) мүдделер қақтығысы бар мәселелерді қарамауға және олар бойынша шешімдерді қабылдауға қатысудан бас тартуға;
- 3) өзінің тағайындалуына, сайлануына, қайта сайлануына және сыйақысына байланысты шешімдерді қабылдауға қатыспауға;
- 4) мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты жазбаша нысанда Қоғамның директорлар Кеңесінің Төрағасына және (немесе) Басқарма Төрағасына уақытылы жеткізуге және осы Саясаттың талаптарына сәйкес мәселе бойынша шешім қабылдауға қатыспауға;
- 5) тәуелсіздік мәртебесінің ықтимал жоғалуын қадағалауға және мұндай жағдайлар болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасын алдын ала хабардар етуге міндетті. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне әсер ететін мән-жайлар болған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін осы ақпаратты дереу Жалғыз акционердің назарына жеткізеді.
- 6) Қоғамға өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді белгіленген тәртіппен ұсынуға;
- 7) жеке мысалмен мүдделер қақтығысына төзбеушілік мәдениетін енгізуге міндетті.

37. Қоғамның Басқарма төрағасының атқарушы органның басшысы немесе атқарушы органның, басқа заңды тұлғаның функцияларын жеке-дара

Өзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
С.Н.Шаяхметова	Комплаенс-менеджер		

	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ АО «Центр электронных финансов»	бет
		11/16
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты	№ өзг.

жүзеге асыратын тұлға лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

38. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері:

- 1) мүдделер қақтығысы жағдайларының туындауына жол бермеуге;
- 2) мүдделер қақтығысы бар мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдерді қабылдауға қатысудан бас тартуға;
- 3) осы Саясаттың талаптарына сәйкес мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты өзінің тікелей басшысына/жетекшілік ететін басшысына жеткізуге;
- 4) мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі Қоғамның рәсімдерімен танысуды және оларды сақтау міндетін жазбаша растауға;
- 5) осы Саясат талаптарының бұзылуы немесе осындай бұзушылықтың ықтимал мүмкіндігі туралы ақпаратты хабарлауға міндетті;

39. Лауазымды тұлғалар Қоғаммен қарым-қатынаста үшінші тұлғалардың атынан және олардың мүддесі үшін әрекет ете алмайды.

40. Қоғамның жасауға мүдделілігі бар мәмілені жасасуы туралы шешімді қабылдауға ықпал ету мақсатында, лауазымды тұлғалардың Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне олардың тікелей бағынысына кіретін де, кірмейтін де мәселелеріне араласуына тыйым салынады.

41. Мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында, Қоғам мыналарды қамтамасыз етуге міндетті:

1) жұмысқа қабылдау, лауазымын жоғарылату немесе лауазымдық міндеттерін өзгерту кезінде - тікелей басшымен немесе байланысты функцияларды атқаратын адаммен тікелей туысқан жұмыскерлерді лауазымға тағайындаудан аулақ болу;

2) сатып алу рәсімдерін жүргізу және олармен шарттық қатынастарды ресімдеу кезінде Қоғамның контрагенттерін тексеру кезінде олардың құрылтайшылары мен басшыларының құрамын Қоғамның лауазымды тұлғаларымен үлестес болу белгілерінің болуы тұрғысынан зерттеуді жүзеге асыру;

3) лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің, оның ішінде өзінің қызметтік жағдайын заңсыз пайдалану нәтижесінде материалдық пайда түрінде қосымша табыс алушылардың құқыққа қайшы, жосықсыз немесе қабілетсіз қызметін анықтауға және жолын кесуге бағытталған алдын алу-профилактикалық іс-шараларын және қызметтік тексерулерді жүргізу;

4) жұмысқа қабылдау кезінде әр лауазымды тұлға мен жұмыскерді осы Саясатпен таныстыру;

5) құпия ақпараттың, сондай-ақ Қоғам жұмыскерлерінің дербес деректерін сақтау.

Өзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
С.Н.Шаяхметова	Комплаенс-менеджер		

	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ АО «Центр электронных финансов»	бет
		12/16
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты	№ өзг.

10. Жауапкершілік

10.1. Функционалдық жауапкершілік

42. Қоғамның Басқарма төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Саясатта белгіленген талаптар мен қағидаттардың орындалуын енгізу және бақылау бойынша құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралардың әрекетсіздігі, қабылдануы/іске асырылуы үшін жауап береді.

43. Дербес құрылымдық бөлімшелердің басшылары (тікелей басшылар) мыналар үшін жауап береді:

1) бөлімше жұмыскерлерінің ҚР заңнамасында және осы Саясатта көзделген талаптарды сақтауын бақылау үшін;

2) Басқарма Төрағасын мүдделердің нақты және ықтимал қақтығысы, осы Саясатты бұзудың анықталған фактілері туралы дереу хабардар еткені үшін;

3) мүдделер қақтығысын реттеу бойынша шараларды қабылдау / іске асыру үшін.

44. Мүдделер қақтығысын реттеуге қатысатын тұлғалар мыналар үшін жауап береді:

1) құпиялықты сақтау үшін;

2) ҚР заңнамасында және осы Саясатта көзделген шеңбердегі мүдделер қақтығысын жан-жақты, объективті шешу үшін.

10.2. Бұзушылық үшін жауапкершілік

45. Осы Саясаттың талаптарын орындамағаны үшін жұмыскерлер, оның ішінде лауазымды тұлғалар ҚР заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

46. Қоғамның барлық жұмыскерлері мүдделердің нақты және ықтимал қақтығысы туралы мәліметтерді уақытылы ашпағаны, толық және шынайы ақпарат бермегені үшін жауап береді.

47. Егер мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі жұмыста ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, сондай-ақ осы Саясаттың Қоғамға залал келтіруге әкеп соққан талаптарын бұзуға жол берілген жағдайда, мұндай бұзушылыққа кінәлі тұлғалар ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Әзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
С.Н.Шаяхметова	Комплаенс-менеджер		


	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ АО «Центр электронных финансов»	бет			
		13/16			
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты	№ өзг.			

11. Қорытынды ережелер

48. Осы Саясат ҚР заңнамасы немесе қолданылатын халықаралық заңнама өзгерген жағдайда, сондай-ақ Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес тәртіппен корпоративтік іскерлік әдептің әлемдік және қазақстандық тәжірибелеріндегі жаңа үрдістерді ескере отырып өзгертілуі мүмкін.

49. Осы Саясатта көзделмеген өзге де құқықтық қатынастар ҚР заңнамасымен реттеледі. Осы Саясаттың ҚР заңнамасының нормаларымен қайшылықтары болған кезде ҚР заңнамасының нормалары қолданылады.

Өзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
С.Н.Шаяхметова	Комплаенс-менеджер		

	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ АО «Центр электронных финансов»	бет
		14/16
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты	№ өзг.

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясатының қосымшасы

Кімге _____

(лауазымы, Т. А. Ә.)

Кімнен _____

(Т. А. Ә, лауазымы, байланыс телефоны)

Мүдделер қақтығысының болуы немесе туындауы туралы хабарлама

Осымен «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясатының талаптарына сәйкес мен лауазымдық міндеттерді орындау кезінде мүдделер қақтығысына әкелетін немесе әкелуі мүмкін жеке мүдденің туындағаны туралы хабарлаймын.

1. Қақтығыс жағдайының (жеке мүдделіліктің) туындауына негіз болып табылатын мән-жайлар: _____

(мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін жағдай толық негізделіп отырып сипатталады)

2. Жеке мүдделер әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін лауазымдық

Өзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
С.Н.Шаяхметова	Комплаенс-менеджер		

	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ АО «Центр электронных финансов»	бет
		15/16
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты	№ өзг.

міндеттер: _____

(нақты лауазымдық міндеттерді тізімдеу)

3. Мүдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу бойынша қабылданған (ұсынылатын) шаралар: _____

(лауазымды тұлға/жұмыскер мүдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу үшін қандай шаралардың қабылданғанын немесе қабылдануын ұсынатынын көрсету)

4. Мүдделер қақтығысының болу немесе туындау фактілерін растайтын құжаттардың тізбесі, сондай-ақ мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу үшін ұсынылатын шаралар:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____

Хабарлама жіберетін тұлға:

(қолы, қолтаңбаның толық жазылуы)

20 ____ жылғы « ____ » _____

Хабарламаны қабылдаған тұлға:

(қолы, қолтаңбаның толық жазылуы)

20 ____ жылғы « ____ » _____

Өзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
С.Н.Шаяхметова	Комплаенс-менеджер		

	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ АО «Центр электронных финансов»	бет			
		16/16			
Енгізілген күні	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты	№ өзг.			

Танысу парағы

[illegible]

Әзірлеген:

ТАӘ	Лауазымы	Құрылымдық бөлімше	Қолы
<i>С.Н.Шаяхметова</i>	<i>Комплаенс-менеджер</i>		